

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

МРНТИ 16.21.61

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.01>

Алдаш А¹.

¹ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан

КАЛЬКА ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТЕРМИН ТІРКЕСТЕРДІҢ ОРФОГРАФИЯЛАНУЫ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасында тіл саясаты мен тіл стратегиясы арқылы ілгері шығарылған маңызды проблемалардың бірі – латынграфикалы әліпби негізінде қазақ тілінің емле ережелерін жаңғырту. Жаңғыртуға қатысты қарқынды іс-шаралар атқарылуда. Осыған байланысты тілдің ішкі ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілінің төл сөздерінің, кірме сөздердің жазылуын, оның ішінде калька жолы арқылы жасалған термин тіркестердің орфографиялануы өзектілік танытып отыр.

Тілдің осы қабатының зерделенуінің қажеттілігі сонымен қатар калька жолы арқылы жасалған терминдердің сөзжасам мен тілдің синтаксистік құрылымы арасындағы тығыз қарым-қатынасқа да байланысты. Осындай қарым-қатынастың нәтижесінде семантикалық тұтастыққа ие, стилдік жағынан бейтарап, қызметі жағынан жеке лексемамен теңдес түсетін номинативті сөз тіркестері жасалады. Олардың түзілуіне функционалды мағыналары ортақ немесе жақын өнімді сөзтудырушы (-лық / -лік и -лы / -лі) қосымшалары қатысады. Осы қосымшалардың мағыналарының өзара теңдес болуынан жазба коммуникацияда орфографиялық варианттар көрініс беріп отыр. Орфографиялық әртүрліліктер қазақ әдеби тілінің терминологиялық корпусында кенінен кездеседі.

Мақала уәждеуші сыңарына өзара мағыналас сөзтудырушы қосымшалардың жалғану арқылы калькалау жолымен жасалған семантикалық тұтастыққа ие сөз тіркестерінің орфографиялануын біріздендіру, қалыптандыру жолдарын мен әдістерін зерделеуге арналған.

Түйін сөздер: калька, калькалау, латынграфикасы негізіндегі әліпби, орфографиялану, сөзжасамдық калька, термин тіркестер, сөз тіркесі, қосымшалардың функциясы

Aldash A.¹

¹Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Almaty, Kazakhstan

SPELLING TERMS CONDITIONS CREATED BY CALKING

Abstract

One of the important problems put forward by the language policy and language strategy in the Republic of Kazakhstan is the modernization of the spelling rules of the Kazakh language based on the new romanized alphabet. In this regard, taking into account the internal specifics of the language, active work is being carried out to update the spelling of the native Kazakh and borrowed words. Of particular relevance is borrowing, incl. phrases formed by tracing. The need to study this layer of borrowings also lies in the fact that traced word combinations are characterized by close relationships between word formation and the syntactic structure of the Kazakh language. As a result of such relations, composite nominative units are created that are semantically integral, stylistically neutral and functionally equal to a single word. When creating such phrases, productive word-forming formants (-лық / -лік and -лы / -лі) are involved, which have common functional meanings. In connection with the synonymy of the meanings of the formants in written communication, spelling variants of compound names appear. Spelling discrepancy is also observed in the terminological corpus of the Kazakh language.

This article is devoted to the study of ways and methods of unification, codification of semantically integral compound names created by tracing and adding synonymous word-formation formants to the motivating component.

Keywords: tracing paper, tracing paper, alphabet based on latin graphics, term combinations, spelling, word-formation tracing paper, word combination, endings function

Алдаш А.¹

¹Институт языкознания имени А.Байтұрсынова,
Алматы, Казахстан

ОРФОГРАФИРОВАНИЕ ТЕРМИНОСОЧЕТАНИЙ, СОЗДАНИЕ ПУТЕМ КАЛЬКИРОВАНИЯ

Аннотация

Одной из важных проблем выдвигаемой языковой политики и языковой стратегии в Республике Казахстан является модернизация орфографических правил казахского языка на основе нового латинизированного алфавита. В связи с этим с учетом внутренней специфики языка проводятся активные работы по обновлению правописания исконно казахских и заимствованных слов. Особую актуальность имеет заимствования, в т.ч. словосочетания, образованные путем калькирования. Необходимость изучения данного пласта заимствований заключается еще в том, что калькированные словосочетания характеризуются тесными взаимоотношениями словообразования и синтаксического строя казахского языка. В результате таких отношений создаются составные номинативные единицы, семантически цельные, стилистически нейтральные и функционально равные отдельному слову. При создании таких словосочетаний участвуют продуктивные словообразующие форманты (-лық / -лік и -лы / -лі), которым присущи общие функциональные значения. В связи с синонимичностью значений формантов в письменной коммуникации появляются орфографические варианты составных наименований. Орфографическое различие наблюдается также в терминологическом корпусе казахского языка.

Данная статья посвящена изучению путей и методов унификации, кодификации семантически цельных составных наименований, созданных путем калькирования и с присоединением к мотивирующему компоненту словосочетаний синонимичных словообразовательных формантов.

Ключевые слова: калька, калькирование, алфавит на основе латинской графики, терминосочетания, орфографирование, словообразовательная калька, словосочетание, функция окончаний

Кіріспе. Тіл ғылымында кірме сөз, калька, жартылай калька деп аталатын терминдер бар және бір қарағанда, олардың қазақ әдеби тілінің құрамындағы орны ғылыми-практикалық тұрғыдан әбден екішелеген, сараланған деуге болады. Әсіресе кірме сөз (шеттілдік сөз; заимствование / иностранное слово) туралы мәселе – оның қазақ әдеби тілінің құрамына енуі, орналасуы, орфографиялануы тілдік қарым-қатынасқа бекем араласуы анықталған. Дегенмен қоғамның жаңа идеологиялық бағытына сәйкес ұлттық әліпбидің латынграфикалы нұсқасын жасау және енгізу түбегейлі қолға алынған қазіргі кезеңде кірме сөздердің (шеттілдік сөз; заимствование / иностранное слово) емлесін, кірме сөздердің жекелеген топтарының орфографиялануын реттеу қажеттігі анық байқалып отыр.

Тілдің лексикалық құрамының толығы көздері қатарында калькаланған және жартылай калька жолымен жасалған тілдік бірліктер де аталады. Бұлар да өзге тілден енетін тілдік бірліктер тобында бірыңғай қарастырылып, тілдің жаңа сөздермен, терминдермен молаюына үлес қосатын арна ретінде бағаланып келеді [1]. 1960-80 жылдардағы еңбектердегі көзқарастар бірыңғай; сондықтан кейініректе де терминжасамға қатысты ғалымдар бұл әдісті өнімді, қажетті әдіс деп көрсетті [2]. Калька жасау түркітөктес тілдерде де өзге тілдердегі (орыс тіліндегі және орыс тілі арқылы) әсіресе терминдер мен термин сөз тіркестерінің баламаларын қалыптастыруда дағдылы, қолайлы, ұғымдық аппаратты дәл жеткізе алатын әдістің бірі ретінде бағаланады.

Расында да, калькаланған және жартылай калька арқылы жасалған әсіресе терминдер мен термин тіркестер – ғылыми мен техниканың, әлеуметтік-мәдени салалардың метатілінің маңызды құрамдас бөлігі; ал бұл – ұдайы жүретін процестердің бірі. Әсіресе соңғы кезеңде – қазақ терминжасамының қазақыландыруға бет бұрған жылдарында бұл әдіс қолайлы, ыңғайлы жолдың біріне айналды. Қазақстан Республикасы жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (әрі қарай – Мемтерминком) тарапынан ұсынылған (бекітілген деуге болады) қазақша-орысша, орысша-қазақша көптомдық терминологиялық сөздіктерде (әрі қарай – Сөздіктер сериясы) калькалау жолымен жасалған терминдер мен термин тіркестер көлемді орын алады. Осыған байланысты калькалау жолымен жасалған тілдік бірліктердің жасалуы мен орфографиялануы жөнінде пікір ұсыну үшін Сөздіктер сериясындағы тілдік фактілер және ішінара жазу практикасында көрініс берген орфограммалар талданады.

Әдістеме. Зерттеуде жаппай іріктеу, мәселеге қатысты әртүрлі саладағы зерттеулердегі тұжырымдарды қорытуға, ғылыми болжамдарды жинақтауға, эмпирикалық материалдарды түсіндіруге бағытталған метаталдау, сөзжасам моделдерін, тілдік бірліктердің құрылымдық және функционалдық моделдерін түзуге бағытталған лингвистикалық моделдеу әдісі, сондай-ақ салыстырмалы-сөзжасамдық талдау әдістері қолданылды.

Қазақ тіліндегі -лық / -лік және -лы / -лі қосымшалары арқылы калькалау жолымен жасалған номинативтік күрделі тіркестердің қазіргі жазу практикасындағы және Сөздіктер сериясындағы орфографиялануын анықтау мақсатында Ұлт ұстаздары – А. Байтұрсынұлының, Қ. Жұбановтың, академиктер М. Балақаевтың, Р.Сыздықтың, ғалымдар А. Ысқақовтың, Ы. Мамановтың, С. Исаевтың, Н. Оралбайдың және оның мектебі өкілдерінің, Н. Уәлидің, С. Нұрхановтың, Ж. Тектіғұлдың, А. Жанабекованың, татар тілінің маманы, ғалым М.

Закиевтің грамматикалық тұлғалардың мағынасы мен функциясы, қалыптасу тарихы, тіркесімділік ерекшеліктері және олардың тіл динамикасындағы көрінісі мен әдеби тіл нормаларына қарым-қатысы жөніндегі тұжырымдары, сондай-ақ әлемдік лингвистиканың және түркологияның өкілдері – Ф. де Соссюрдің, У. Вайнрайхтың, Э. Хаугеннің, Т. Кунның, Н.К. Дмитриевтің, Н.А. Баскаковтың, Н.З. Гаджиеваның, Е.А. Земскаяның, В.В. Виноградовтың, Д.Н. Шмелевтің тілдердің өзара ықпалдасуынан туындайтын белгілер және олардың қабылдаушы тілге әсері жөніндегі көзқарастары, сондай-ақ академиялық зерттеулер мен энциклопедиялық анықтамалықтардағы түсіндірмелер зерделенді, бұлар талқыланатын проблема бойынша ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік жасады.

Нәтижелер. Мәселені нақтылай түсу мақсатында төмендегі мәселелер жүйеленеді:

- 1) Калька және калькалау. Түрлері.
- 2) Калькалау жолына қатысатын сөзжасам қосымшаларының функциясы.
- 3) Калькаланған терминдердің орфографиялануы.

Калька және калькалау. Түрлері. Калька (француз тіліндегі *calque* – “көшірме”) – қоғам өмірінің түрлі саласына жаңадан енген ұғымдар мен түсініктердің, заттар мен бұйымдардың атауларын беру қажеттігі туындаған жағдайда бірден дерлік іске асырылатын, жаңа сөзжасам әдісінің, яғни калька жасаудың / калькалаудың нәтижесі; басқа тілдердегі тілдік бірліктің “прототипі”. Калька жасаудың / калькалаудың негізгі жолы – аударма. Аударма семантикалық және формалды түрде жүзеге асады, калькалау әдісі қолданылған жағдайда тілдің сөзжасам заңдылықтары игеріледі; калькалау арқылы калька тілдік бірлік пайда болады. Нақты айтқанда, калькалау – әдіс түрі, ал калька – осы амал арқылы жасалған тілдік бірлік.

Жаңа сөз, термин жасаудың осы әдісінің түрлері туралы бірнеше топтастырулар бар. Лингвистика саласына арналған еңбектерде негізінен аталатындары: а) сөзжасамдық калька; ә) фразеологиялық калька; б) семантикалық калька; в) жартылай калька. Ал ғылыми еңбектерде жоғарыда санамаланғандармен қатар мағыналық, мағыналық-құрылымдық, құрылымдық, грамматикалық, морфологиялық калька, сондай-ақ жалған калька деген термин де көрсетіледі. Алайда осы топтамалардың қатарынан талдау үшін мағыналық құрылымы айқын семантикалық және фразеологиялық калькалар ғалымдардың тарапынан көбірек қарастырылған.

Калькалау жолы мен осы үдерістен пайда болатын калька тілдік бірліктер жөнінде негізінен алдыңғы кезеңдерде құрылымдық лингвистиканың кеңінен зерттелуі себебінен тілдердің өзара байланысы нәтижесі деген аксиома ыңғайында орныққан тұжырымдар қалыптасты. Бұл калька атаулардың жасалуы мен пайда болуының басты межесі, белгісі ретінде танылды. Алайда тілдер арасындағы байланыстан басқа (контакттік лингвистика) қабылдаушы тілде осы жолмен осылайша пайда болған тілдік бірліктердің қабылдаушы тілдің табиғи заңдылықтарына әсері қандай болды деген мәселе мүлдем таратылмайды. Рас, У. Вайнрайхтың [3], Э. Хаугеннің еңбектерінде “бір тілде құрылымы жағынан ұйымдасқан тілдік бірліктің екінші тілге бір сызық бойында көшірілуін интерференция және кодтардың ауысуы деген терминдер арқылы түсіндіру кездеседі. Мәселен, Э. Хауген интерференция дегенді лингвистикалық тұрғыдан ішінара сәйкес келу, екі тілдің бірімен-бірі қабаттасуы, одан әрі басқа тілдің әсерінен екінші тілдің өзгеруі” деген пікір қалдырды. Тілдердегі кірме сөздер және кірме сөздердің ену процесіне қатысты еңбектерінің бірінде Э. Хауген мәселені екі тілді тең меңгерген индивидтің (билингвтің) ерекшеліктерімен байланыстырып, билингв бір тілден меңгерген дағдысына ұқсастырып, екінші тілге көшіріп қоюға бейім болады дегенді айтты [4, 351].

Орыс ғалымы Е.А. Земская кейініректегі еңбегінде “кальки менее заметны, чем заимствования. Это, так сказать, тайный переодетый враг, а не явный грабитель, который ломится в дом” деген пікірін білдірді [5, 421]. Тегінде, осындай пікірлердің пайда бола бастауында негіздер бар: біріншіден, калькалау жолы қабылдаушы тілдің қай деңгейіне өзгерістер әкелді және бұл өзгерістердің қабылдаушы тілдің қай деңгейінде басымдық көрінді деген мәселені анықтау қажеттігі туындайды. Сондықтан, екіншіден, тезис түріндегі алғашқы тұжырымдар тілдер арасындағы байланысқа қатысты басқа да бірқатар күрделі мәселелермен қатар сөзбе-сөз аудару арқылы жасалған калька тілдік бірліктердің табиғатын психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика салаларының әдістері мен әдіснамасын қолдана отырып, тыннан, тереңірек талдаудың өзектілігін танытады. Мәселен, басқа тілдегі тілдік бірліктің ықпалымен қазақ тіліндегі байырғыдан бар сөздің мағынасының өзгеруін (негізінен кеңеюін) семантикалық калька деген терминмен атау қалып алған. Шетелдік ғалым бұны семантикалық индукция – түпнұсқа тілдегі тілдік бірліктің мағынасының түрленуі, модификациясы, яғни бұрыннан бар атаудың сапалық өзгеріске ұшыраған жаңа түрі, жаңа образы деп тану керектігін айтады [6, 166].

Е.А.Земская бұған қатысты түпнұсқа тіл мен қабылдаушы тілдің арасындағы “жалған жақындық” деген пікір айтты. Демек, мәселен, *тұтыну қоржыны* (потребительская корзина), *бекзат/ақсүйек* (аристократ), *бекзат* (элита), *көші-қон* (миграция), *қуғыншы* (гонимый) тәрізді этномазмұнға ие жаңғырған атаулармен қатар *сындарлы* (конструктивный), *оңтайландыру* (оптимизация), *бауырлас-қала* (город-побратим), *демеуқаржы* (дотация), *сыйжазба* (запись дарственная) дегендер сияқты жаңа атаулардың қайсысы семантикалық калька және қайсысы семантикалық индукция екендігі зерттеулерді күтеді. Өйткені мәселе мынада: құрылымы жағынан бірдей және мағынасы дәлме-дәл келетін, демек, бірнеше тілде құрылымы мен мағынасы бірдей сөздер мен тіркестер басқа тілге тәуелді болмай-ақ, басқа тілдің моделінің ықпалынсыз, әр халықтың қоршаған әлемді танып-білуінің нәтижесінде, ішкі тілдік уәжіліктің белгісі ретінде де пайда болады. Мәселен, *зият* (интеллект), *төлнақыш* (автогравюра), *төлжазба* (автография), *дүрлігіс* (ажютаж), *құндақ* (футляр), *риясыздық*, *қалтқысыздық* (бескорыстие), *белсенді босуақ* (активный досуг), *таптаурын* (стеротип) тәрізді бір алуан

сөздер мен калькаланғаны айқын тілдік бірліктер арасында айырмалар бар екендігі сөзсіз. Тың зерттеулер қажет деуіміз сондықтан.

Калькалау жолына қатысатын қазақ тіліндегі сөзжасам қосымшаларының функциясы. Сөзжасам моделдері арқылы жасалатын калька атауларға қатысты өз тарапымыздан айтарымыз – қазақ тілінің сөзжасам әдістерінің мол корпусы арқылы калькалау саналы шығармашылықтың көрінісі, ал калька атаулардың тілді орнығуы стихиялы үдерістер арқылы жүзеге асады, сөйтіп, стихиялы үдерістердің нәтижесінде калька атаулар әдеби тілге, әсіресе ғылым мен техниканың метатіліне тез араласады. Байқауымызша, қазақ тілі қолданылатын салаларда калькалау арқылы жасалғандарға “бейтарап көзқарас / мойындаушылық / шыдамдылық” бар. Бұл жайттың бір себебі, болжам түрінде айтқанда, жаңадан пайда болған терминдерді бірдейлестіру механизмі мен оларды қолданысқа түсіру кезінде қарым-қатынасқа түсуге кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуге бағытталған коммуникативтік стратегия пайда болады. Осы факторлар және қолданыстағы автоматизм мен санадағы автоматизмнің болу себептері калькалау мен калька терминдерді басқа ғылыми тармақтар аспектісінде зерделеу қажеттігі байқалады. Құрылымдық лингвистиканың әдістерімен байланыстыра отырып, калькалау және калька табиғатын ашуға тереңірек бару әсіресе қазақ тілінің табиғи, ұлттық болмысын сақтауға бет бұрған қазіргі тұста аса маңызды.

Калька терминдер мен калькаланған терминдер қатарында жартылай калька түріндегі тілдік бірліктер айрықша көзге түседі. Жартылай калькалау терминдік тіркестерде белсенді қолданылады, бұл – тіркестің бір сыңарының немесе екеуінің де түпнұсқа қалпын сақтаған кірме сөз (шеттілдік сөз) болуы арқылы және алдыңғы сыңарына қазақ тілінің қосымшалары жалғануы арқылы жасалатын күрделі сөздер. Дәл осы қызметте қазақ тіліндегі -лық / -лік (варианттарымен қоса алғанда) форманттары орыс тіліндегі <-н>-ск- және <-н>-ый қосымшаларының әмбебап баламасына айналған. Бірақ орфографиялануға қатысты проблемалар бар.

Бірінші проблема. Қазіргі терминжасам ісінде және жазба коммуникацияда -лық / -лік (варианттарын қоса алғанда) және -лы / -лі (варианттарын қоса алғанда) қосымшаларының қолданысынан орфографиялық варианттар түзіледі, мәселен, *когнитивті лингвистика және когнитивтік лингвистика; электронды нұсқа және электрондық нұсқа; бірақ: электрмагнитті толқын; авторлық куәлік, бірақ: жүргізуші куәлігі; нормативті құжат және нормативтік құқықтық акт; мәтінді автоматты талдау, автоматты толтыру, бірақ: қателерді автоматтық түзету, дипломдық жұмыс және диплом жұмысы; абсолюттік негіздер (заң.), бірақ: абсолютті құқық және абсолют түрлендіру; тарихи-құжаттық мұрағаттық топтама; мұрағаттық Қазақстан; заңдық мән, заңдық қағида, бірақ: заң актісі; валюталық қор, бірақ: валюта бағамы; магнитті таспа және магнит таспа; атаулы көмек және атаулық тіркес және т.б.*

Бұлайша болуының бірнеше негіздері бар. Негіздердің бірі – осы екі қосымшаның мағынасының ортақтығына және функциясының ұқсастығына, сондай-ақ түптөркініне байланысты. Алдымен мағынасына қатысты пікірлерге тоқталалық.

Қазақ тіл біліміндегі ең алғашқы пікір Ұлт ұстазының еңбектерінде бар. А. Байтұрсынұлы -лық / -лік қосымшасының мағынасын былайша түсіндіреді: “Әуелі сол зат жұмсалатын нәрсені атау үшін, мәселен, “арқа” деген сөзге “лық” жұрнағын қосып, “арқалық” дейміз, арқа үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін, ...екінші, басқа нәрселерге сол заттың өлшеу болатындығын көрсету үшін, мәселен, ай деген сөзге -лық жұрнағын жалғап, “айлық” дейміз, айдың өлшеу болатындығын көрсету үшін, мәселен, аға деген сөзге -лық жұрнағын жалғап, “ағалық” дейміз, аға қалпын көрсету үшін” [7, 212-213].

Тіл ғылымының теоретигі Қ. Жұбановтың пікірлеріне зер салалық. “Қолданылу орнына қарай және сын есімнің анықтайтын сөзінің орнына қарай кейде -лық / -лік, -тық / -тік жұрнақтарын қосуға да болады” деген тұжырымында ғалым “кейде” деген сөзге басым назар аудартады, “Сын есім ретінде кездесетін халықаралық терминдердің сын есімдік жалғауына тағы да қазақ тілінің сын есімдік жалғауын қосып жазу орайсыз деп табылады” [8, 361] деп анық айтады да, осы тұжырымға байланысты тіркелетін тілдік фактілерде ғалым -лық / -лік, -тық / -тік қосымшаларын сирек қолданады, олардың орнына изафет тіркестер ұсынады немесе ықшамдайды: *абсолют қанысу, сыбаға сыным* (удельное преломление), *сентрал, элементар, горизонтал, иррационал* [8].

Сонымен қатар “-лық жұрнағы жаңа сөз тудыру қабілеті аса құнарлы қосымша, оның жалғанатын сөздерінің өрісі кең” [9, 34-35]; “-лық, -лік – өнімді жұрнақ; деректі және дерексіз заттық ұғым атауларын жасайды: *белдік, мойындық, кездік, орындық; тұздық, уыздық; патшалық, ұлықтық, билік; батырлық, құпиялық, қастықтық; қажығандық, түңілгендік*” [10, 211-218] деген пікірлер орныққан.

Зерттеушілердің барлығы да -лы/-лі қосымшасын қызметі жағынан өнімді, туынды сын есім жасауға қабілетті (таулы жер, білімді адам), ал мағынасы жағынан “осы заттың, ұғымның бар екендігін” білдіреді деп есептейді, демек, бұл қосымшаның қызметі мен мағынасы дәлелденген.

“Қазақ грамматикасында” -лық / -лік қосымшасының мағынасы мен қызметі таратылған: -лық / -лік қосымшасының жұрнақты зат есім жасаудағы ең қолданымды формант екендігі, неологизм жасауға қабілеті, әртүрлі стиль тармақтарындағы (әсіресе көркем әдебиеттегі) бірқолданыс үлгілерінің болу себептері толық қарастырылған [11, 287-296].

Академиялық еңбектің жұрнақты сын есім талданған тұсындағы мағлұматтарды ықшамдап келтіреміз: а) -лық / -лік қосымшалары туынды сын есім жасауда да өнімді; ә) -лық / -лік қосымшалары -лы / -лі формантының толық тұрпаты; түркі тілдерінде бұл екі жұрнақ бір-бірінен дамып шыққан; бірақ -лы / -лі есім негіздерге

жалғанып, бірыңғай сын есім түзеді; б) -лық / -лік жұрнағы арқылы жасалған есім негізді сын атауы өзі анықтайтын заттың сапалық сипатын, яғни оның тегін, неден немесе одан не істелетінін білдіреді [11, 345].

Түркі тілдеріндегі қосымшалардың тарихи дамуына арналған еңбекте қазақ тіліндегі аффикстердің мағыналары мен қызметінің өзгеру динамикасын талдау барысында зерттеуші -лық → -лы /-лі форманттарының бастапқы түбірі -лы / -лі деген қорытынды жасайды. Түркологтардың пікірлеріне сүйене отырып, “-лық – суффикс, который образует имена существительные, а -лы – имена прилагательные. Известно, что категории имени существительного и имени прилагательного тюркских языков с исторической точки зрения тесно взаимосвязаны. Их близость ярко проявляется и в словообразовательных аффиксах. Следовательно, фактором, обусловившим их развитие в неразрывном единстве, может быть общность их словообразовательных предметных и качественных аффиксов” деген қорытынды ұсынады. Одан әрі зерттеуші -л / -ла (-лақ / -лық формантының түптегі) және -лы қосымшалары жинақтау, көптік, қатыстылық, көпмәртелік мағыналарына ие, сонымен қатар тілдің даму сатыларында олардың көрсетілген мағыналары қосымшалардың варианттарына таралып кеткен деген тұжырымға келеді [12]. Қосымша мәлімет ретінде айта кетелік, мәселен, Н.А. Баскаков -лық / -лік жұрнағының негізгі түбірі – лық (лық толды деген мағынада) деп анықтаған [13, 320]. Бұл пікірді татар ғалым М. Закиев те қостайды: “татарские слова *лық*, *лыкма* полный, заполненный до предела являются реликтами того самостоятельного слова, из которого произошел суффикс – лык” [14, 244].

Тілші-ғалым А. Жанабекова -лық / -лік жұрнағының функционалды сипатына (қолданысына, жұмсалымына) кеңірек тоқталады. Түркологиядағы белгілі ғалымдардың осы мәселеге қатысты көзқарастарын талдай келе, бес қорытынды ұсынады, олар: 1) -лық / -лік қосымшалары арқылы жасалған туынды сөздерді синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер деп қарау қажет; 2) -лық / -лік қосымшасы барлық жағдайда жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертіп, жаңа мағына бермейді, грамматикалық мағына үстейді; 3) -лық / -лік қосымшасы зат есім, сын есім, сан есім, есімше формаларына түгелдей жалғанып жұмсала алады, яғни грамматикалық форма тудырушы қасиетке ие; 4) жалғану заңдылығы бойынша түбір сөздерге тікелей жалғанады; 5) туынды сөздердің барлығы да дербес лексикалық бірлік ретінде сөздік қорға, сөйтіп, бір ұлттың әдеби тілін қамтитын реестр сөздер қатарына енеді, контекстік туынды формалар сөздік реестрінде берілмейді [15, 27-28].

Татар тілінің морфологиясы, сөзжасамы, лексикологиясы бойынша зерттеулерде -лық / -лік қосымшасы өнімді формант ретінде атала қоймайды. Әсіресе калькалау арқылы жасалатын сөз тіркестерінде татар әдеби тілінде басқаша көрініс бар.

Ғалым Ф.А. Ганиев гибриднегізді сөздерді талдай келе, алдымен «функциональная грамматика опираясь на достижения формальной грамматики, должна систематизировать и классифицировать грамматические значения, снабдив каждое из них списком всех формальных средств его выражения» [16, 8-9] деген қорытынды жасаған және маңыздысы – татар тілінің нормативті сөздіктеріне *автоматик толтыру* (салыстырыңыз: қазақ тілінде – автоматты толтыру); *электрон версия* (қазақ тілінде – электронды нұсқа / электрондық нұсқа), *социаль челтәр* (қазақ тілінде – әлеуметтік желі), *социаль* (социальный), *идеалы* (идеальный), *лингвистик текшеренулар* (лингвистические исследования), *эксперименталь текшеренулар*, *юрдик қызмет* тәрізді ықшамдалған, қазақ тілінің фактілерінен айырмаланатын үлгілерді норма қатарына қосады. Байқалып отырғанындай, татар тілінің қазіргі жайын зерттеушілер -лық/-лік қосымшасының өнімді сипатын әмбебап пайдалану керектігін айта қоймайды.

Ғалым С. Нұрханов бұдан көп жылдар бұрын осы мәселеге қатысты маңызды пікір білдірген еді. Ол тіларалық қатынас және тың тіркестер жайына тоқталып, “осының нәтижесінде дүниеге келген фактілерді, әсіресе тіркес төңірегіндегі тілдік жаңалықтарды жаза баспай ажырататындай амал-тәсілдер тіл білімінде әлі де болса жасала қойған жоқ. Сондықтан өзіміздікі дегенің өзгенікі, ал керісінше, өзге дүние дегенің төл туынды болып шығып жататыны болады... Қосымшалар арқылы жасалған жаңа тіркестердің түптөркіні толық ашылуы керек” дей отырып, төл тіркесім заңдылықтарына өзге тілдің әсерін тіл мәдениеті, норма тұрғысынан қарастырған болатын [17, 104].

Сонымен зерттеу қорытындыларынан төмендегілер анықталған:

- -лық / -лік қосымшасының және -лы / -лі формантының түптөркіні бір;
- -лық / -лік қосымшасы қазақ тілінде өнімді формант болып саналады;
- -лық / -лік және -лы / -лі форманттары – көпфункционалы қосымшалар [15, 66].

Қазақ тілінде -лық / -лік қосымшасы номинация (деректі атау) жасау қызметін атқарады, бұл – анық және даусыз. Алайда осы қосымша арқылы жасалған нақты зат, бұйым атаулары (*төстік*, *қаламдық* (*уықтың бөлігі*), *асмалдық* (*әшекейлі жабдық*), *түндік*, *туырлық*, *қорықтық*, *терлік*, *оқтық*) санаулы, олар этномәдени мазмұндағы тілдік бірліктер қатарында ғана ұшырасады. Тағы да дәлелдеуді қажет етпейтін жайттың бірі – -лық / -лік қосымшасының дерексіз ұғым атауларын беруге белсенді қатысуы, бұл ретте осы формантты әмбебап сипатта деп тануға болады (*адалдық*, *амандық*, *жақсылық*, *ізгілік*, *достық*, *қалалық*, *қамқорлық*, *мейірімділік*, *көргендік*, *асығыстық*, *біріншілік*, *ондық*). Әмбебап сипатын дәйектейтін фактінің келесісі – мәнмәтін көлемінде экспрессивті қызмет атқаратын бірқолданыстық жұмсалымдардың жасалуы, мәселен, көркем әдеби шығармаларда *жеңілгендік*, *түңілгендік*, *қуанғандық*, *жақтырмағандық* типтес үлгілер кездеседі. Алайда айырма бар: *адалдық*, *амандық*, *жақсылық*, *ізгілік* тәрізділер номинация ретінде әдеби тілдің сөздік қорына енеді, яғни номинатив қызмет атқарады, ал бірқолданыс жұмсалымдар құрамындағы -лық / -лік қосымшасы белгілі бір мәтін көлемінде экспрессивті функцияға ие.

-лық / -лік қосымшасының әмбебап сипаты синтаксистік құрылымның түзілуіне өнімді қатысуына (конструктивті функция) байланысты. Сөз тіркесінің құрамында осы қосымшаның қызметі арқылы жасалатын анықтауыш + анықталушы құрылымы қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына тән: *ұлттық мүдде, туыстық қарым-қатынас, мемлекеттік қызметші, қоғамдық ұйым*. Алайда академиялық еңбекте -лық / -лік қосымшасының -лы / -лі формантымен салыстырғанда, сын есім жасауға қатысуы “соншалықты жиі емес” деп тұжырымдалған [11, 345].

Дегенмен тіл динамикасының қазіргі көрінісінде -лық / -лік қосымшасының жұмсалып қарқындылығын байқау қиын емес. Бұл әсіресе анықтауыш+ анықталушы құрылым түзетін, калькалау жолымен жасалатын термин тіркестер құрамында белсенді. Қазіргі терминжасам процесінде, терминдерді қазақыландыру барысында нақ осы қосымша ең ыңғайлы болып саналады. Оған себеп – аударма арқылы жасалатын термин тіркестерде ұғымдық аппаратты дәл жеткізу мақсатында өзге тілдің құрылымы сақталады, сөйтіп, өзге тілдегі <-н->, <-ск-> морфтары бар суффиксты-күрделі форманы беруде әмбебап сипат алып отыр. Сондықтан Сөздіктер сериясында *авторлық қадағалау, авторлық сыйақы, авторлық құқық, агенттік сыйақы, агенттік келісім, абоненттік берешек, абоненттік төлем, автоматтық журнал, автоматтық сөздік, автоматтық тіл, актуарийлік есептеулер, әліпбилік кітап* тәрізді термин тіркестер елеулі орын алады. Осы қосымшаның ең ыңғайлы болатындығының екінші себебі терминжасамның бір межесі – ықшамдылық, демек, -лық / -лік қосымшасы сипаттама түрінде ұғым аппаратын жеткізуді алмастыратын сыйымдылық танытады, мысалы, *автоматты түрде толтыру* дегеннің орнына *автоматтық толтыру*; *құжаттарды әліпбилік ретпен әзірлеу* дегеннің орнына *құжаттарды әліпбилік әзірлеу*; *мұрағат жазбаларынан үзінді көшірме* дегеннің орнына *мұрағаттық үзінді көшірме*; *форматты автоматты түрде тану* дегеннің орнына *форматты автоматтық тану* сияқты ықшамдылық принципіне сәйкестендірілген термин тіркестер екітілді терминологиялық сөздіктер сериясында ұсынылған. Сөздіктер сериясында -лық / -лік формантының ұғымды берудегі сыйымдылығы, принциптерге сәйкес ықшамдылық қызмет атқаруы біркелкі емес. Мәселен, *абсолют түрлендіру, абсолют негіздер, абсолюттік символ, абстрактті ойлау, автоматтық коммутация, сканерлеудің автоматтық электрондық жүйесі, электронды нұсқа, автоматты шақыру құрылғысы, қателерді автоматтық түзету, автоматты өрт сөндіру* дегендерде -лық / -лік және -лы / -лі форманттары және изафет құрылымымен жасалған бірнеше орфограмма бар. Жазу практикасында *функционалдық стиль / функционалды стиль, когнитивті лингвистика / когнитивтік лингвистика, корпуслық лингвистика, құрылымдық лингвистика* қолданыстары, сондай-ақ *номинал баға, номинал сандар, дифференциал шама, пропорционал шама* жұмсалымдары кездеседі. Егер өзге тілдегі <-н->, <-ск-> морфтары бар суффиксті-күрделі форманың калькаланған үлгілеріне қатыстыра қарасақ, *бұл жайтты орфографиялық нормалар тұрғысынан қалай бағалауға болады?* Сөзжасамға, морфологияға, функционалды қосымшаларға қатысты зерттеулерде, жоғарыда баяндалғанындай, иелік, бар екендігі, тиесілі екендігі мағыналары осы екі формантқа ортақ. Академиялық еңбекте осы форманттардың қатыстық сын есім жасайтыны көрсетілген. “...қазақ тіліндегі -лы / -лі, -лық / -лік сөзжасам қосымшалары зат атауын білдіретін немесе есім мәнді және қимылды білдіретін сөздерге жалғанып, сол сөздің мағынасына қатысты ол ұғымдардың бар, я жоқ, соған бейімділік, мекендік т.б. тәрізді сөзжасамдық (деривациялық) мағына тудырады да, ол екінші бір затқа қатысы болу арқылы қатыстық сын есім болады” [11, 462]. Нақты айтқанда, зерттеулерден анықталғанындай, -лық / -лік форманты өзі тіркесетін сөз білдіретін ұғымның тек қана бар немесе жоқ екенін, бейімділікті, тиесілі болуды білдіреді. Шетел ғалымы Т.А. Покровская тұжырымдарында осы қосымшаның мағынасы контексте ғана анықталатыны айтылған. Зерттеуші А.Жанабекова -лық / -лік қосымшасын субстантив, атрибутив функцияларына байланысты кейде “даулы қосымша” деп атап кетеді. Демек, -лық / -лік қосымшасының заттың, ұғымның қасиетін, сапасын білдіретін мағынасынан басқа да функциясы бар.

Баяндалғандарға байланысты *екінші проблема* туындайды.

Бірде *когнитивті лингвистика*, енді бірде *когнитивтік лингвистика; нормативті құқықтық құжат* және *нормативтік құқықтық акт; абсолюттік негіздер* (заң.), бірақ: *абсолютті құқық* дегендердегі тіркестердің алдыңғы сыңарларының түрліше болуына назар аударалық. Бірнеше проблема туындайды: *калькаланған термин тіркестер үшін -лық / -лік және -лы / -лі қосымшаларын талғаусыз қолдану тіл заңдылығына әсер етпей ме, осылайша талғаусыз жалғануды базалық норма немесе босаң норма деп тануға бола ма, яки -лық / -лік формантының мағынасын нақтылау керек пе?* Сөз жоқ, түптөркіні бір болғанымен, осы екі форманттың мағыналық айырмашылықтары бар. Әрине, -лы / -лі қосымшасының уәжделетін / анықталатын сөз білдіретін ұғымда белгілі бір қасиеттің, сапаның бар екендігін білдіретін мағынасы (*таулы жер*; басқа жерден айырмасы – тау бар; *астықты алқап*; басқа алқаптан айырмасы – астық өсіріледі) екіұдай пікір тудырмаса керек. Негізінде -лы / -лі форманты синтаксистік құрылым түзуге араласқан кезде (қосымшаның конструктивті функциясы) осы қосымша жалғанған сөз анықталатын сөзді нақтылайды, нақтылағанда анықталатын сөздің басқа да белгі-сапаларымен қатар осындай нақты белгісі бар екендігін білдіреді. Ф. де Соссюрдің пікірі бойынша анықтаушы және анықталушы қатынасты білдіретін қосмүшелі құрылым жасалады [18]. Демек, -лы / -лі формантының мағынасы мен функциясы анық деп санауға болады. Сонымен қатар -лы/-лі форманты қатысатын еркін тіркестерде образдылық, экспрессия болатындығы белгілі.

Ал -лық / -лік форманты жөніндегі морфология мен сөзжасам салаларындағы тұжырымдарда бұл мәселенің күрделі екендігін аңғартты.

Демек, -лық / -лік және -лы / -лі форманттарының жұмсалымында, жаңа номинация жасауға қатысуында олардың нақты айырым белгілерін де нақтылай түсу қажет. Мәселе мынада: түптөркіні бір болғандықтан, яғни -лық / -лік қосымшасы -лы / -лі формантының бір тұрпаты делінгендіктен [11] қазіргі жазу практикасында, терминжасам ісінде, жаңа сөздің пайда болуында осы форманттар кейде бірінің орнына бірі қолданыла береді де, жазу практикасында орфографиялық варианттар түзеді. Норматив сөздіктердің сөзтізбесінде де әртүрлі орфограммалар бар.

Үшінші проблема. Бекітілген, ұсынылған терминдер тізбесінде *құпиялылық* (құпия+лы+лық), *жүйелілік* (жүйе+лі+лік), *жалғамалылық* (жалғама+лы+лық) – Сөздіктер сериясында постпозитивті *жалғамалылық* / препозитив *жалғамалылық*, *баламалылық* (балама+лы+лық), *мағыналылық* (мағына+лы+лық), *нұсқалылық* (нұсқа+лы+лық), *немқұрайлылық* (немқұрайлы+лық) аталымдары кездеседі, алайда жазу практикасы *құпиялық*, *баламалық*, *мағыналық*, *жүйелік*, *нұсқалық*, *немқұрайлық* тұлғаларын қолдануға бейім. Бұған қатысты жаңа термин – алғашында *қашықтықтан оқыту* ұғымының орнына *қашықтан оқыту* баламасының орныға, нормалана бастағанын да айтуға болады. Бұндай айырмашылықтар, тегінде, -лық / -лік қосымшаларының қолданысында әлсіз тұстар бар екендігін байқатады, болжам-гипотеза түрінде айтқанда, шамасы, бір сөздің бойында түйдектеліп түскен дауысты және дауыссыз дыбыстардың (*нұсқалылық*, *құпиялылық*, *жүйелілік* дегендерде <л> және <ы>дыбыстары) қайталануы, сондай-ақ -лы және -лық қосымшаларының да түйдектелуі сөздің айтылуын үнемдеу заңдылығына бағындырады да, бірте-бірте ықшамдалған тілдік бірлік (*нұсқалық*, *құпиялық*, *қашықтан оқыту*) пайда болады.

Бұл жайттар фонетика мен фонология аспектісінде, тілдік жүйенің тілдік мінез-құлықпен байланысын (психоллингвистика), тіл мен ойлау қарым-қатысын (когнитивтік лингвистика) қарастыратын салаларда анықталуы тиіс.


Төртінші проблема. Сөз болып отырған -лық / -лік және -лы / -лі форманттарының қызметі мен қатысуы арқылы *когнитивті-лингвистикалық*, *коммуникативті-прагматикалық*, *лексика-грамматикалық*, *психологиялық-педагогикалық тәжірибе*, *әлеуметтік-мәдени орталық*, *психологиялық-психиатриялық орталық*, *сот-сараптамалық зерттеу*, *психологиялық-денелік тексеріліс*, *лексика-семантикалық сөзжасам* тәрізді күрделі тіркестер бар (Сөздіктер сериясы мен жазу практикасындағы әртүрлі орфограммаларды көрсетіп отырмыз. – А.А.). Орыс тілінде алдыңғы сыңары интерфикстің [<о>] көмегі арқылы жасалатын осындай күрделі сөздерде бірде кірме сөздің түбірі сақталатынын (мысалы, лексика-грамматикалық) енді бірде -лық / -лік және -лы / -лі қосымшаларының (*психологиялық-педагогикалық*, *коммуникативті-прагматикалық*) жалғанатынын көреміз. Тегінде, бұл арада форманттардың кей реттерде анықтауыштық қатынастағы қос сөздің тек соңғы сыңарына жалғануы ықшамдылық, қос сөзді тұтас бір лексема деп тану жайына барып тірелетін болса керек. Бұл мәселелер де терминжасам моделдерін, күрделі сөздің, тілдік бірліктердің коммуникативтік және прагматикалық қызметін анықтауды қажет етеді.

Бесінші проблема осындай фактілердің орфографиялануына қатысты.

1-інші үлгі.

Энциклопедиялық еңбектегі мәлімет бойынша *абсолют* (зат есім) және *абсолютный* (сын есім) терминдері – теңбе-тең, бір-біріне барабар синоним лексемалар [19].

Осы лексемамен келетін құрама атауларды 1-ші сызбадағыдай біріздендіруге болады:



Сызба 1. “Абсолют” лексемасы арқылы жасалған термин тіркестер

Бұлайша біріздендірудің қарапайым негізі, жоғарыда айтылғанындай, абсолют және абсолют+ный терминдерінің өзара синонимдес екендігі. Ал ең бастысы – -лық / -лік форманты *өнімді*, *құнарлы*, *әмбебап* дегенімізбен, нақ осы қосымшаның автоматты түрдегі сөзтудырушы немесе форматудырушы қызметі қазақ тілінің табиғи болмысына айрықша тән изафет формаларын алмастырып, ығыстырып бара жатқан жайы назар аудартады. Бұған кезінде профессор Қ. Жұбанов астарлап көңіл бөлді, сондай-ақ жоғарыда аталған еңбегінде С.Нұрханов та «тіл мәдениеті тұрғысынан бағалауымыз керек» дегенді жеткізді. Шын мәнінде мүмкін болған жағдайларда, құрама атаудың ұғымдық сыйымдылығына нұқсан келмейтін тұстарда -лық/-лік қосымшасын

емес, тіл табиғатына тән изафет тіркестер де оңтайлы. Терминжасамда қазақ тілінің өз болмысындағы заңдылықтарды игеру тілді және ғылым мен техника салаларындағы мәліметті, ақпаратты баяндау үшін негіз болып саналатын метатілді таптаурындықтан арылтады.

Алтыншы проблема -лық/-лік қосымшаларын біріздендіруге қатысты.

Тіл ғылымында парадигма термині тиімді қолданылады. Кеңінен және тиімді қолданылып келе жатқан тұсы – жүйелі-құрылымдық, яғни сөзжасамдық парадигма (профессор Н. Оралбай және оның мектебінің өкілдері сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам терминін ұсынады) екендігі және мәлім. Дегенмен осы терминнің негізін қалаушы Т.Кунның еңбектерінде анықтама барынша кен: «Под парадигмами я подразумеваю, - деп жазды ғалым, - признанные всеми научные достижения, которые в течение определённого времени дают модель постановки проблем и их решений научному сообществу» [20]. Ғалымның пікірінше, орныққан әмбебап парадигманың негізінде түсіндіру мүмкін болмайтын аномалиялар пайда болған жағдайда, парадигманы тұтас бір танымдық негіз ретінде алуға болатын, аномалияны тәртіпке салып беретін ұя (дисциплинарная матрица) деп тану қажет. Осы пікірге ден қоюшы ғалымдар тілдік бірліктердің парадигмалық, оның ішінде жүйелі-құрылымдық парадигма бойынша түзілісі танымды тереңдетеді, стандартты шешімдерге тыңнан баға беруге, норма мәселелерін анықтап алуға да септігін тигізеді деп санайды. -лық / -лік қосымшалары арқылы жасалған термин тіркестердің негізгі үлгілері беріледі:

2-інші үлгі:

авторлық: авторлық әдістеме, авторлық оқыту жүйесі, авторлық технология, авторлық мектеп, авторлық тапсырыс, авторлық келісім, авторлық қадағалау, авторлық сыйақы.

3-ші үлгі:

абоненттік: абоненттік желі, абоненттік төлем, абоненттік жүйе, абоненттік тіркелген жүйе.

4-ші үлгі:

бейімделім: тұлғалық бейімделім, механикалық бейімделім, иіссезімдік бейімделім, өзикемдік бейімделім, дәмдік бейімделім, сезімдік бейімделім, нышанаттық бейімделім, қызулық бейімделім.

5-ші үлгі:

дефис арқылы жазылатын термин тіркестер: аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету, аппараттық-бағдарламалық кешен, аппараттық-төрешілдік, когнитивтік-лингвистикалық, коммуникативтік-прагматикалық зерттеу, психологиялық-педагогикалық орталық, әлеуметтік-мәдени кеңістік, психологиялық-психиатриялық орталық, сот-сараптамалық талдау, психологиялық-денелік тексеріліс, лексикалық-семантикалық сөзжасам, мұрағаттық үзінді-көшірме, тарихи-құжаттық мұрағаттық топтама.

Осыған байланысты назар аударарлық тағы бір мәселе бар.

Бұл -и қосымшасына және изафет құрылымына қатысты. Сөздіктер сериясында 1-ші кестедегідей үлгілер берілген.

-лық/-лік форманты	-и қосымшасы	изафет формасы
заңдық біліктілік	заңи жауаптылық негіздемері	заң мәтінінің түпнұсқалығы
заңдық жауапкершілік	заңи фактілер	заң терминдерінің бір мағыналылығы
заңдылықтың заңи кепілдіктері	заңдылықтың заңи кепілдіктері	заң шеңбері
заңдық міндеттілік		заң мәтіні
заңдық мән		заң психологиясы

Кесте 1. -лық / -лік және -и форманттарының қатар қолданысы

Байқалып отырғанындай, бір лексеманың анықтаушылық қызметі үш түрлі жолмен жасалған. “Қазақ грамматикасында” -и қосымшасы жеке-дара көрсетілмеген. С.Нұрханов бұл қосымшаның қызметі мен мағынасына, тың тіркестер жасау қабілетіне назар аударған болатын. Қазақ тілінде -и қосымшасы арқылы жасалған лексемалар санаулы: *әдеби, тарихи, мәдени, кәсіби, ресми, іскери, ғылыми, әскери, саяси, замануи, адами*. Қандай жағдайда бұл қосымша -лық/ -лік форманттарының қызметін алмастыра алады және қандай жағдайда мағынасымен теңдес бола алады деген мәселе де сараптауды қажет етеді. Бұл қосымшаның тиімділігі -лық/ -лік қосымшасын алмастыра алатын, сөйтіп, терминжасам ісіндегі таптаурындықты реттей алатын қабілетінде деуге болады.

Талқылау. Түркі тілдері, қазақ тілі бойынша зерттеулерде сөз тіркесі мәселесіне қатысты тұжырымдар жеткілікті деуге болады. Нысанаға алынып отырған мәселеге байланысты қарастыра келгенде, қазақ тіліндегі сөз тіркесі жайын терең зерделеген академик М. Балақаев сөйлемде бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқаратын сөз тіркестерін түйдекті тіркес (социалистік жарыс деген мысал арқылы) [21] деген терминмен белгілейді, сөйтіп, оны *именное сочетание* дегеннен айырмалап талдаған. Көрнекті ғалым С. Исаев атаулық тіркес термині арқылы көптеген мәселелерді дәлелдеді. Оның еңбектерінде изафет тіркестер қатарында *кәмелеттік аттестат* фактісінің берілуіне қарағанда, ғалым бұл типтестерді де атаулық тіркес деп таниды [22]. К. Аханов зерттеулерінде құрама сөз деген аталым қолданылған [23]. Кейінгі зерттеушілер жалпы тіркес атаулының еркін (синтаксистік) тіркес, түйдекті тіркес, тұрақты тіркес (бұлар фразеологиялық тіркес және атаулық тіркес) болып

таратылатындығына тоқталып, “бұдан байқайтынымыз – тілде *тіркес* ұғымының тым кең мағынада, жалпы қолданылатыны, терминдердің бір ізге түспегендігі” деген қорытынды жасайды [24]. Сөз тіркесіне арналған вниктамаларға тоқталып отырған себебіміздің негізі – *авторлық құқық, нышанаттық бейімделім, абсолют баға, номинал шама, психологиялық-педагогикалық тәжірибе* тіркестерін тұрақты тіркес, түйдекті тіркес, атаулық тіркес дегендердің қай түріне енетіндігі лексикалық-грамматикалық мағына мен қызметі тұрғысынан анықталуды күтеді. Осындай тіркестер арқылы мағыналардың бірін-бірі толықтыруы, мағыналардың бірігуі, заттар мен ұғымдарды, құбылыстар мен түсініктерді бере алатын тұтас ақпаратты қамтуы, осы ақпаратты сипаттауы, атауы танылады. Сөйтіп, синтаксистік құрылымы жағынан біртұтас, бейтарап мағыналы, жеке бір сөздің орнына жүретін, яғни номинативті қызметі бар тілдік бірлік пайда болады. Аталған сипаттар – талдаудан өткен термин тіркестердің базалық сипаты. Бұл ретте алдымен термин тіркестердің табиғатын нақтылау қажет болады. Сонымен қатар баяндауда көрсетілген тілдік бірліктер (сөз тіркестері / термин тіркестер) ең алдымен оларда коммуникативтік қызметпен қатар танымдық функция бар екендігін дәлелдеді.

Қорытынды. Қазақ тіліндегі өнімді форманттардың дара сөз тіркесін немесе күрделі сөз тіркесін (“Қазақ грамматикасындағы” топтастыру – А.А.) түзуіне қатысатын ерекшеліктері аналогия мен біртектестік арқылы, парадигмалық сөзтізбек моделі арқылы зерттеле бермек. Бұған қатысты шетел ғалымдары “уточнение аналогии и регулярности представляется принципиально важным для правильной характеристики многих явлений словообразования, при описании словообразовательных процессов понятие аналогии применяется к самым различным по своей природе образованиям” деген тұжырым ұсынады [25, 13]. Біз өз тарапымыздан әзірше сөз тіркесі, қосымшалардың функциясы мен қызметі туралы біршама көзқарастарды жинақтау арқылы олардың орфографиялануын реттеуге мән беріп отырмыз. Ал қазақ тілінің қазіргі дамуы жағдайында латыннегізді әліпбиге көшуге байланысты төл тілдік бірліктермен қатар кірме сөздердің, терминологиялық корпусның емлесін жаңғырту, қағидаларын біріздендіру үшін ғылыми-практикалық зерттеулер қарқынды жүргізіле бастады. Бірізге түсірудің, кодификациялаудың принциптері мен әдістері анықтала түсуде. Осындай іс-шаралар легінде Мемтерминком ұсынған Сөздіктер сериясындағы терминдер корпусында төл тілдің әлеуетінің игерілуі (семантикалық калька немесе семантикалық индукция), жартылай калька арқылы жасалған аталымдарды одан әрі жетілдірудің, қалыптандырудың, біріздендірудің өзектілігі анық байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Вопросы развития тюркских языков в СССР // Материалы Всесоюзной научной конференции.* – Алматы: Наука, 1964. – 242 с.
- 2 *Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас.* – Алматы: Рауан, 1993. – 36 б
- 3 *Вайнрайх У. Одноязычие и многоязычие // Новое в лингвистике.* – Вып. 6. Языковые контакты. – М., 1972. – С. 25-60.
- 4 *Хауген Эйнар. Процесс заимствования // Новое в лингвистике.* – М.: Прогресс, 1972. – Вып. 6. Языковые контакты. – С. 344-380.
- 5 *Земская Е.А. Язык как деятельность: Морфема. Слово. Речь.* – М., 2004. – 237 с.
- 6 *Сорокин Ю.С. Развитие словарного состава русского литературного языка. 30-90-е годы XIX века.* – Л., 1965. – 565 с.
- 7 *Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері).* – Алматы, Ана тілі, 1992. – 445 б.
- 8 *Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.* – өңд., 3-бас. – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 бет.
- 9 *Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық.* – Алматы, «Мектеп» баспасы, 1974. – 407 б.
- 10 *Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы: оқулық.* – Алматы: Инжу-Маржан баспаханасы, 2014. – 290 б.
- 11 *Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис.* – Астана, 2002. – 784 б.
- 12 *Тектигул Ж.О. Эволюция общетюркских аффиксов в казахском языке.* – Алматы: ССК, 2018. – 277 с
- 13 *Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология.* – Ч.1. – М.: Изд-во АН СССР, 1952. – 544 с.
- 14 *Татарская грамматика. В трех томах. I том.* – Казань, 1995. – 583 с.
- 15 *Жаңабекова А.Ж. Функционалды қосымшалар: монография.* – Алматы: “Елтаным баспасы”, 2016. – 112 б.
- 16 *Ганиев Ф.А. Функциональное слововообразование в современном татарском литературном языке.* – Казань, 2009. – 237 с.
- 17 *Нұрханов С. Тіаралық қатынас және тың тіркестер // Сөзстан.* – Алматы, 1987. – Б. 104-116.
- 18 *Соссюр Ф. Труды по языкознанию.* – Москва: Прогресс, 1977. – 695 с.
- 19 *Новая философская энциклопедия.* – 2-е изд., испр. и допол. – М.: Мысль, 2010. – Т. 1-4. – 2816 с.
- 20 *Кун Т. Структура научных революций.* – М., Прогресс, 1975. – 43 с.
- 21 *Балақаев М. Қазақ әдеби тілі.* – Алматы: Ғылым, 1987. – 272 б.
- 22 *Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар.* – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 180 б.

- 23 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – А.; Мектеп, 1972. – 215б.
- 24 Суатай С. Лексикалану құбылысы және атаулық тіркестер // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – No 2(132). – 2011. – Б. 160-162.
- 25 Способы номинации в современно русском языке. – Москва Издательство “Наука”, 1982. – 295 с.
- References:
- 1 Voprosy razvitiia turkskikh iazykov v SSSR // Materialy Vsesoiuznoi nauchnoi konferensii. – Almaty: Nauka, 1964. – 242 s.
- 2 Kaidar A. Kazak terminologiasyna janasa kozKaras. – Almaty: Rauan, 1993. – 36 b.
- 3 Vainraih U. Odnioiazychie i mnogioiazychie // Novoe v lingvistike. – Vyp. 6. Iazykovye kontakty. – M., 1972. – С. 25-60.
- 4 Haugen Einar. Proses zaimstvovaniia // Novoe v lingvistike. – M.: Progres, 1972. – Vyp. 6. Iazykovye kontakty. – S. 344-380.
- 5 Zemskaia E.A. Iazyk kak deiatelnost: Morfema. Slovo. Rech. – M., 2004. – 237 с.
- 6 Sorokin Iu.S. Razvitie slovarnogo sostava ruskogo literaturnogo iazyka. 30-90-e gody XIX veka. – L., 1965. – 565 с.
- 7 Baitursynuly A. Til tagylymy (Kazak tili men oKu-agartuga Katysty enbekteri). – Almaty, Ana tili, 1992. – 445 b.
- 8 Jubanov K. Kazak tili jonindegi zertteuler. – ond., 3-bas. – Almaty, Memlekettik tildi damytu instituty, 2010. – 608 bet.
- 9 YsKaKov A. Kazirgi Kazak tili. Morfologia: jogary oKu oryndarynyn studentterine arналган oKulyK. – Almaty, «Mektep» baspasy, 1974. – 407 b
- 10 Oralbai N., KurmanAliev K., Baltabaeva J. Kazak tiliin sozjasamy: oKulyK. – Almaty: Inju-Marjan baspahanasy, 2014. – 290 b.
- 11 Kazak gramatikasy. Fonetika, sozjasam, morfologia, sintaksis. – Astana, 2002. – 784 b.
- 12 Tektigul J.O. Evolusia obseturkskikh afiksov v kazahskom iazyke. – Almaty: SSK, 2018. – 277 s.
- 13 Baskakov N.A. Karakalpakski iazyk. Fonetika i morfologia. – Ch.1. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1952. – 544 s.
- 14 Tatarskaia gramatika. V treh tomah. I tom. – KazAn, 1995. – 583 с.
- 15 Janabekova A.J. Funkcionaldy Kosymsalar: monografia. – Almaty: “Eltanym baspasy”, 2016. – 112 b.
- 16 Ganiev F.A. FunkcionAlnoe slovovobrazovanie v sovremennom tatarskom literaturnom iazyke. – KazAn, 2009. – 237 s
- 17 Nurhanov S. TiaralyK Katynas jAne tyn tirkester // Sozstan. – Almaty, 1987. – B. 104-116.
- 18 Sossur F. Trudy po iazykoznaniiu. – Moskva: Progres, 1977. – 695 s.
- 19 Novaia filosofskaia ensiklopedia. – 2-e izd., ispr. i dopol. – M.: Mysl, 2010. – T. 1-4. – 2816 s.-slovAr
- 20 Kun T. Struktura nauchnyh revolusi. – M., Progres, 1975. – 43 с.
- 21 BalaKaev M. Kazak Adebі tili. – Almaty: Gylym, 1987. – 272 b.
- 22 Isaev C. Kazirgi Kazak tiliindegi negizgi gramatikalyK ugymdar. – Pavlodar: S. Toraigyrov atyndagy Pavlodar memlekettik universiteti, 2010. – 180 b.
- 23 Ahanov K. Gramatika teoriasynyn negizderi. – А.; Мектеп, 1972. – 215b.
- 24 Suatai S. Leksikalanu Kubylsyy jAne ataulыK tirkester // KazUU Habarsysy. Filologia seriesy. – No 2(132). – 2011. – B. 160-162.
- 25 Sposoby nominasii v sovremmno ruskom iazyke. – Moskva Izdatelstvo “Наука”, 1982. – 295 s.

МРНТИ 16.21.61

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.02>

Алдаш А.,¹ Сейдамаат Ә.Қ.²

¹ А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан

² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ТІЛДЕГІ СТАНДАРТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ СТАНДАРТТАЛУЫ (ПРОБЛЕМАНЫҢ ҚОЙЫЛЫСЫ)

Аңдатпа

Лингвистика ғылымында, әсіресе тіл мәдениеті, ағымдағы тіл проблемалары бойынша зерттеулерде “әдеби норма”, “қалыптану”, “образдылық” ұғымдарымен қатар “клише”, “штамп”, “стереотип” терминдері қолданылады. Тілдік бірліктердің тұрақты формула ретіндегі түрін анықтайтын соңғы терминдер, олардың ауызша және жазба коммуникациядағы көрінісі әртүрлі түсіндіріледі. Лингвистикалық еңбектерде клише және стереотип нақты бір жағдаяттарға сәйкес және мәнмәтін ерекшеліктеріне қарай сөйленістеігі тұрақты тіркес, таптаурын фраза, тілдік штамп түрінде анықталады. Ал тілдегі стандарттылық “әдеби норма” ұғымына теңдестіріледі. Сонымен қатар “тілдің стандарттылығы” ұғымы дайын формула, дайын сөз, таптаурын сөз